

## ИСЛАМ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

### Аңдатпа

Нарықтық экономикадағы шаруашылық қатынастардың көпшілігі кредитпен, кредиттік қатынастармен тығыз байланысты. Себебі шаруашылық субъектілерінің меншікті қаражаттары тапшы, бұл өз кезегінде коммерциялық банк кредиттеріне деген тәуелділікке әкеледі. Мақалада алдымен қазіргі кредит жүйесіне, оның пайызына қатысты мәселелер қозғалады, әсіресе бүгінгі коммерциялық банктердің негізгі мақсаты мен түпкілікті экономикалық мүддесі және кредиттерінің алыпсатарлық мән-мазмұны, кредитті пайдаланғаны үшін алатын пайыз ерекшеліктері, кредиттің өсімқорлық сипатымен қатар қанау құралы екендігі ашылады. Кредиттің пайыз мөлшерлемесінің жоғарылығы әрі оны тиімсіз пайдалану салдары әлемдік қаржылық дағдарысқа дейін алып келетіндігі сипатталады. Келесі кезекте бүгінгі коммерциялық банк қызметі мен кредиттік қатынастары исламдық қаржыландыру құралдарының ерекшеліктерімен салыстырылады. Негізгі назар ислам банктері мен қаржыландыру құралдарының ерекшеліктеріне, жалпы ислам экономикасын басқа экономикалық жүйелерден айқын ажырататын айырмашылық белгілеріне, яғни пайызсыз экономикалық жүйе екендігіне көңіл аударылады. Сонымен қатар, бұл экономикалық жүйенің қазіргі уақытта «әділетті» деген атауға ие болып отырғандығы қарастырылады. Өйткені ислам экономикасындағы саяси, экономикалық және әлеуметтік ойлардың түп тамыры Құран хадистерімен байланыстырылады. Ислам экономикасының болмысы шариғат қағидаларына сәйкес болғандықтан әлеуметтік, әділеттілік сияқты адамгершілік құндылықтарды басты назарда ұстайды. Керісінше ислам жүйесінде пайызға қарыз алу, құмар ойындарға, алаяқтыққа, мәжбүрлеу мен зорлауға, ең қажет тауарларға жоғары баға қоюға, бағаны одан әрі көтеру мақсатында қажет қорларды әдейі ұстауға, жалған сұраныстар жолымен бағаны көтеруге, сыбайлас жемқорлыққа жол берілмейді. Мақалаға ислам экономикасының осы құндылықтары арқау болған.

Тірек сөздер: коммерциялық банк, кредит, пайыздар, өсімқорлық, қаржылық дағдарыс, пайызсыз несие, ислам экономикасы, шариғат заңдары, әділеттілік, әлеуметтік экономика.

Қазіргі шаруашылық байланыстардың қаржылық жағынан жүзеге асырылуы кредит жүйесімен тығыз байланысты. Ал кредит жүйесі өсімқорлық негіздегі пайыздық көрсеткіштерге негізделген. Бұл жүйенің негізін құраушы банктер өз қызметін коммерциялық сипатта атқаратындықтан олардың негізгі әрі түпкілікті мақсаты пайда алу екендігі де жасырын емес. Сан ғасырлар бойы бұл коммерциялық банктер пайызға негізделген кредитпен жұмыс жасап келді, келеді де, яғни кредит те, оны пайдаланғаны үшін алынатын пайыз да оның ажырамас бөлігіне айналды. Өйткені пайыз осы банктердің негізгі табыс көзі, дәлірек айтсақ банк пайдасының 90%-ға жуығын кредит үшін алынатын пайыздық табыс құрайды. Пайыз бұл ең алдымен үстемақы. Сондықтан да пайыз банк табысының елеулі көзін құрап отыр. Олардың түсінігінде банктер пайызсыз күн көре алмайды. Шындығында да солай. Бұған дейін еуропалық экономикалық жүйеден, соның ішінде батыстық банк ісінен өзгені білмеген елдердің (посткеңестік елдер де) қазіргі назары енді рухани құндылықтар мен әділеттілікті ұстанатын ислам экономикасына қарай ауа бастады және жәй ғана ауып қойған жоқ, ол қарқынды үрдіс алып отыр. Бұл жәйден жәй емес. Өйткені адамзаттың шынайы өркениеттік дамуын рухани құндылықтар жүйесі ғана айқындайды, олай болса келешек даму негізі осы құндылықтарға сүйенетіні айдан анық бола бастады. Ал ислам экономикасы болса сол рухани құндылықтарды ұстанатындықтан бұл мәселе айтпаса да түсінікті.

Бүгінде әлем елдерін ипотекалық қарыздан, яғни кредиттен бастау алған қаржы дағдарысы (бұл дағдарыстың өз масштабы жағынан екінші әлемдік дағдарыс екендігі айтылып жүр, біріншісі 1929–1933 жж. дағдарыс, ол да кредиттен бастау алған болатын) созылмалы экономикалық тығырыққа тіреп отырғаны белгілі, оған түрлі елдер тарапынан талдау да жүргізіліп жатыр. Иә, дағдарыс себебі кредит екені айдан анық. Өйткені кредит өзінің экономикалық тиімділік шеңберінен шығып кетті. Ол керісінше өсімқорлықтың, пайдакүнемділіктің көзіне, кредиттік қатынастардағы қанау құралына айналды. Бүгінде бұл да жасырын емес. Осы жерде орайы келгенде кредиттің несие еместігін айта кетуді жөн санап отырмыз. Олай дейтініміз бұл екеуі

екі бөлек, бір-бірінен пайыз арқылы ажыратылатын ұғымдар екенін біздер баспасөз беттерінде жариялап та, ақпарат құралдары арқылы айтып та жүрміз. Шын мәнісінде кредит пен несиенің негізгі ұғымын ашуда «қарыз» («заем») сөзінің елеулі әсерін ескерусіз қалдыруға болмайды. Бұл жерде кредиттің негізгі ұғымын қалыптастыратын қарыз – ақшаның қарызға сатулы түрде берілуі, оның қарыз берушіге пайыз түрінде белгілі бір өсім әкелуі, яғни қарыз құнының оның иесіне (кредиттеушіге) өсіммен қайтарылуы, ақшаның капиталға айналуы – кредиттің негізгі мәні мен мазмұнын, өзекті ерекшелігін бейнелейді. Керісінше, несиенің негізгі мән-мазмұнын, басты ерекшелігін (кредиттен) қалыптастыратын қарыз – ақшаның сатылмай өзара көмек тұрғысында, белгілі бір мерзімге, сол мөлшерде қайтарылу шартымен берілуі. Яғни қарыз құны иесіне өсімсіз (пайызсыз) қайтарылады [1]. Біз мұны бекерден-бекер келтіріп отырған жоқпыз. Өйткені дағдарысқа ұшыратып отырған пайызбен берілетін кредит дәстүрлі қазіргі экономикалық жүйенің қаржы құралы болса, пайызсыз несие, керісінше дағдарыс дегенді әзірше білмейтін исламдық экономикалық жүйенің тура балама қаржы құралы.

Енді сол дағдарысқа қайтып оралар болсақ, оның шынайы себебі экономикалық болғанымен негізгі түп-төркіні соңғы бес-алты ғасырда әлем өркениетінің даму бағытын айқындап келген олардың көзқарастары мен дүниетанымында (сана дағдарысы) жатқан сияқты. Тауар-ақша қатынастарының дамуы тек шаруашылық қатынастарды ғана өзгертіп қойған жоқ. Ол адами қасиеттерге де өзгеріс әкелді. Алаяқтық, айлакерлік секілді жеңіл жолмен оңай әрі тез пайда табу үрдісі бой алды. Ақшадан – ақша жасау тұрақты жүйеге айналды. Соның нәтижесінде адам бойындағы арзан құндылықтар алға шықты. Бүгінде рухани байлықпен ешкімді таңырқата алмайсың. Керісінше, материалдық байлық тұрғысынан әл-ауқатты болсаң қадірің жоғары. Реті келген мәселенің түйінін көп жағдайда «ақша» шешетін болды.

Егер адамзат тарихын әділдік пен ақиқат жолындағы күрес тарихы деп сипаттайтын болсақ, онда ислам экономикасына деген бүгінгі бетбұрыс әділетті экономикалық жүйе құру жолындағы ғылыми ізденістердің, әлеуметтік талпыныстар мен адам бойындағы ізгі қасиеттердің әлі де жалғасып келе жатқандығын білдіреді.

Жалпы, қандай да болмасын әлеуметтік-экономикалық идеяның өмірге еніп, жүзеге асуы үшін белгілі бір объективті алғышарттар қажет. Қалыптасқан ислам экономикасының тарихы әлі жас, өткен ғасырдың екінші жартысынан бері ғана белгілі. «Ислам экономикасы» термині алғаш рет Үнді елінің мұсылманы Саййид Маназир Ахсана Гиланидің 1947 жылы шыққан «Ислам экономикасы» деп аталатын кітабында жарияланды. Мұнда ол исламға сәйкес жаңа идеалды жүйе туралы жазды. Жалпы бұл терминнің ғылыми әдебиетте бекуі 1970 жылдардың орта кезі болды [2]. Ал, экономикалық жүйенің қалғандарын жұртшылық қауым жақсы біледі, олар – рыноктық, жоспарлы немесе әкімшілдік-әміршілдік және аралас экономикалық жүйелер. Орайы келгенде айта кеткен жөн, бұлардың негізін қалаған, өздері өмір сүрген қоғамға танымал болған, атақты экономист-ғалымдары бар. Мысалы, рыноктық экономиканың негізін А. Смит қаласа, жоспарлы экономикалық жүйенің негізін салушы – К. Маркс, ал аралас экономикалық жүйені құрушы – Дж. Мейнард Кейнс еді.

Бұл экономикалық жүйелердің өзіне тән әлеуметтік-экономикалық белгілері мен ерекшеліктері бар және оларға тоқталып жатудың қажеті де шамалы. Олай дейтін себебіміз олардың атауларының өзі экономикалық жүйенің қандай қасиеттерге ие екендігін сырттай болса да жариялап тұр. Осы үш жүйенің ішінде ислам құндылықтарына қайсысы жақын екендігін дәл айту қиын. Себебі ислам экономикасында бұлардың қай-қайсысының болса да кейбір элементтері жоқ емес. Сондықтан да мұсылман экономистерінің ислам экономикасы туралы тұжырымдамаларының көбіне сынаржақты болуы, оның капиталистік немесе социалистік экономикадан несімен ерекшеленетіндігі туралы анық көрінісін бере алмайды. Мысалы, саудтық экономист Мухаммад Умар Чапра өз пікірінде ислам экономикасын «дербес еркіндікке нұқсан келтірмей, әрі макроэкономикалық және экологиялық тепе-теңдікті бұзбай сирек ресурстарды ислам іліміне сәйкес бөлу арқылы адамдардың әл-ауқатын жақсартуға жәрдемдесетін ілім» саласына теңейді немесе «ислам ойшылдарының өз заманында қалыптасқан экономикалық құбылыстарға деген жауабы» (М.Н. Сиддики) [2].

Алайда ислам экономикасының бұлардан басты ерекшелігі немесе мүлде айқын ажырататын айырмашылық белгісі және ең басты құндылығы – оның пайызсыз, «пайыз жоқ» экономикалық жүйе екендігінде. Демек, қазіргі таңда бұл экономикалық жүйе «әділетті» деген теңеуге ие болып отыр. Бұған біз де қосыламыз.

Исламның саяси, экономикалық немесе әлеуметтік ойын алатын болсақ, оның түп қазығы Құран хадистерінде жатыр, яғни дүниедегі шынайы Иелік тек қана Аллаға ғана тән, тек қана соның қолында. Бүгіндері кейбір пенденің қисапсыз мүлік пен малға, байлық пен билікке қол жеткізген соң халықтың мұң-мұқтажы мен қоғамдық пікірге қырын қарап, өзін әлеуметке қарсы қоюы өзіншілдік идеологияның үстемдік құра бастағанын көрсетсе керек. Қарапайым ұғымға жүгінсек, материалдық құндылықтардың рухани құндылықтардан артып бара жатқан заманы. Бұл туралы жоғарыда айтқанбыз. Мұның бәрі білместіктен, байлық пен биліктің буы сананы тұмшалағандықтан туындап отырған іс.

Экономиканың негізгі ұғымдарының бірі – адам өміріне, өндіріске қажетті ресурстар түсінігі. Сол жер бетіндегі барлық табиғи ресурстардың да түпкілікті иесі – бір ғана Аллаһ Тағала. Қасиетті Құранда бұл жөнінде былай делінген: «Көктер мен жердің иелігі Аллаға тән. Аллаһ Тағаланың әр нәрсеге толық күші жетеді» (3:189) [3].

Қасиетті Құранда келтірілген бұл құндылықтар ислам экономикасының өзегі десек артық емес. Бұл ресурстарға басыбайлы иелік ету ислам іліміне мүлде жат. Адам еңбегімен келетін байлықтың бәрі бүкіл адамзаттың ортақ игілігі саналады.

Ислам көзқарасы байлыққа қол жеткізудің харам жолдарын мансұқтайды, бұл орайда кісіге белгілі бір міндет артады, игіліктің заңды түрде жиналуына ден қояды. Мысалы, ислам ойшылы Мухаммад Ниджатулла Сиддики ислам экономикасының негізгі міндеттерінің бірін: «Байлықтың шоғырлануын болдырмау және табыс пен байлықты бөлудегі теңсіздікті жою» деп тұжырымдайды [3]. Ал, керісінше, бүгінгі қоғамда белең алған өзге, жеке бастың қамын ойлайтын көзқарас адамның береке-дәулетті қандай жолмен болса да (харам ба, адал ма, бәрібір) табуын қолдайды. Бұл дүниеқоңыздық және менменшілдік пиғылға жол береді, ол түптің түбінде қолында билігі бар жандарды пайдакүнемдікке, өсімқорлыққа итермелесе, ал қарапайым кәсіппен айналысатын адал жандардың мүдделерінің елеусіз қалуына әкеліп соқтырады.

Бұл жөнінде Қасиетті Құранда да: «Әй, мүміндер! Өзара малдарыңды бұзықтықпен жемендер. Бірақ өз ризалықтарыңмен саудаласу басқа. Және бір-бірінді өлтірмендер. Расында Алла сендерге ерекше мейірімді» (4–29) делінген [4]. Демек ислам экономикасының құндылықтары тек қана қасиетті Құран Кәрімге негізделеді. Мұны ислам экономикасын зерттеуші бірнеше ғалымдардың тұжырымдары да айғақтайды. Мысалы, ислам экономикасы Құран мен оның сүрелеріне негізделген саясат ретінде сипатталады (Сайф ад-дин Тадж ад-дин), я болмаса, адамдардың экономикалық мәселелерін ислам құндылықтарының призмасы арқылы зерттейтін қоғамдық ғылым (М.А. Маннан), әдеттегі мұсылман қоғамындағы мұсылманның мінез-құлқы үлгісі (С.Н.З.Х. Накви), тұрмыс жағдайын жақсарту мақсатында Алла тарапынан сенімгерлік меншігіне берілген ресурстарды басқарудағы мұсылман мінез-құлқы туралы ілім (М. Ариф), материалдық ресурстарды сатып алу мен иелік ету үдерісінде қалыптасуы мүмкін әділетсіздікті болдырмау мақсатында шарифат талаптарын орындау мен тиымдарды қолдану туралы ілім (Хасан аз-Заман) [2].

Ислам экономикасының болмысы шарифат қағидаларына сәйкес болғандықтан әлеуметтік, әділеттілік сияқты адами құндылықтарды басты назарда ұстайды. Сондықтан бұл жүйеде пайызға қарыз алу, құмарлық, алаяқтық, мәжбүрлеу мен зорлау, ең қажетті тауарларға (қызметтерге) жоғары баға қою, бағаны одан әрі көтеру мақсатында қажетті қорларды әдейі ұстау, жалған сұраныстар жолымен бағаны көтеру, сыбайлас жемқорлық секілді қатынастарға мүлде жол берілмейді. Ал керісінше, дәстүрлі саналатын қазіргі жүйеде экономикалық-әлеуметтік сипатқа жат жоғарыда келтірілген жағдайлардың барлығы дерлік орын алған, тіпті кейбірі әдейі ұйымдастырылған десек қателеспеген болар едік. Оған дәлеліміз де бар. Мысалы, Үкімет пен Ұлттық банк тарапынан жуырда ғана қолданысқа енген «жаңа экономикалық саясат» немесе ақша-кредит саясатының инфляцияны таргеттеу деп аталатын бағыты. Теңгені еркін бағамға жіберу желегімен жүзеге асырылған осы саясаттың арқасында «отандық кәсіпкерлердің бәсекелестік қабілеті орнына келді». Билік тарапынан айтылған уәж осылай. Қалталы олигархтар бұған қуаныштарын жасырмай рахметтерін жаудырды. Бұдан туындайтыны бұл саясаттың шикізат ресурстарын шетелге сатып отырған алпауыттар мен мұнай бағасына ғана тәуелді экономикамыздың мүддесі үшін ғана жасалғаны белгілі болды. Нәтижесінде, яғни теңгенің еркіндікке жіберілуінен алыпсатарлықпен айналысушы кәсіпорындарды былай қойғанда тек қана

банктердің өзі соңғы бір-екі айда 1,5 трлн теңге пайда көрген. Енді осы мәселеге әлеуметтік-әділеттілік тұрғысынан келер болсақ, жағдай мүлде өзгеше. Ұлттық валюта құнсызданды, тауарлар мен қызметтердің бағасы өсті, күн сайын өсіп те жатыр, жұмысшылардың жұмыстан қысқаруы орын алуда, банк депозиттеріндегі теңгелей салымдағы тұрғындардың ақшаларына деген өтемақы мардымсыз, ал жинақтаушы зейнетақы қорындағы ақшалардың құнсызданғаны соншалық билік оны мүлде ескерусіз қалдырды. Бір сөзбен айтқанда қолында билігі бар, пайдакүнемдік пен өсімқорлықты мақсат тұтқан топ одан әрі байлығын еселесе, қарапайым әлеумет мүддесі ескерусіз қалды.

Ал ислам ілімінің негізінде қоғамның әлеуметтік мәселелері орын алған, соның ішінде алдымен әлеуметтік теңдік, әділдік пен әділеттілік, адал еңбек, шариғат қағидаларына сай адами құндылықтарды арқау етеді. Шариғат заңдарын бұлжытпай орындау – ислам ілімінің айнамайтын тұрақты қағидасы. Сондықтан ислам ілімінен бағдар алатын ислам экономикасын былайша сипаттауға болады; «шариғат заңдылықтары мен нормаларына сәйкес шаруашылық жүйесі» немесе ислам экономикасын «шаруашылықты «жүргізудің әділетті жүйесі». Осы әділеттілік ұғымының астарында төмендегідей құндылықтар жатыр, олар:

- ♦ Алла тарапынан сеніп тапсырылған табиғи ресурстарға шектен тыс иелік жасамау, ал адам еңбегімен келетін экономикалық игілітер мен байлықтың бәрі бүкіл адамзаттың ортақ игілігі;

- ♦ бастапқы капиталдың адал жолмен қалыптасуы, яғни ақшаның қандай жолмен келуі және қандай мақсатқа жұмсалуды өте маңызды;

- ♦ пайызға, заңсыз және ретсіз монополияға, шариғат заңдылықтарын бұрмалайтындарға (ұрланған, сапасыз заттарды сату, құмар ойындары, арақ-шарап, қару-жарақ саудасы т.б.) тыйым салу;

- ♦ әріптестік және серіктестік құруда өзара көмекке сүйену, уәдешілдік, алаяқтық жасамау, алдап арбамау;

- ♦ қанағатшылдық, ысырап жасамау және өсімқорлық пен пайдакүнемдікке жол бермеу.

Қазақстан экономикасы қазір қаржы тапшылығын сезінуде, қаржы-қаражат жетіспеушілігі өздігінен қалыптасып отырған жоқ, Қоғамды алыпсатарлық мәмілелердің орын алуы, қаржы ресурстарының нақты экономикадан ұрлық жолымен заңсыз оқшаулануы, шағын және орта бизнеске залал келтіретін алдау, алаяқтық, өсімқорлық, сыбайлас жемқорлық секілді зұлым құбылыстар жайлады, тіпті ол тамырын жайып бара жатқан сияқты. Бұл туралы ақпарат көздері жиі жазып та, айтып та жатыр. Дәл осындай жағдайда қоғам, әсіресе қазақстандық экономика ислам құндылықтарына зәру. Ислам қаржы жүйесінің экономикалық қызметі керісінше адам құқықтарын бұзуға, әділетсіздікке жол бермес еді. Олай болса оның нәтижесі де анық – отандық тауарлы өндірісті дамыту, экономикалық өсуді тұрақты түрде қамтамасыз ету.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Алиев У.Ж., Мусиров Г. Соотношение категории «кредит» и «несие» («ссуда») в контексте исламских ценностей // Христианство и ислам об экономике / под ред. М.А. Румянцева, Д.Е. Раскова. – СПб.: Изд. НПК «РОСТ», 2008. – С. 382–388.

2 Беккин Р.И. Исламская экономическая модель и современность. – М.: ИД Марджани, 2009. – С. 14.

3 Құран Карим. Қазақша мағына және түсінігі. Аударған: Халифа Алтай. Шәриф Басым Комбинаты. Медине Мұнаууара Сауд Арабиясы, 1991.

4 Siddiqi M.N. History of Islamic economics thought // Ausaf Ahmad, Awan K.R. Lecturers on Islamic Economics. – Jeddah, 1992. – P. 69.

## Аннотация

Большинство хозяйственных отношений в рыночной экономике тесно связано с кредитами, кредитными отношениями. Хозяйствующие субъекты имеют дефицит собственных средств, что, в свою очередь, приводит к зависимости от кредитов коммерческого банка. В статье затрагиваются в первую очередь вопросы, касающиеся современной кредитной системы, ее процента, особенно спекулятивное содержание кредитов и конечных экономических интересов сегодняшних коммерческих банков, особенности процента за поль-

зование кредитом. Наряду с ростовщическим характером кредита раскрывается, что кредит является средством эксплуатации. Характеризуется высокая процентная ставка кредита и последствия его неэффективного использования, приводящие к мировому финансовому кризису. Сегодняшняя коммерческая банковская деятельность и кредитные отношения сравниваются с особенностями инструментов исламского финансирования. Основное внимание уделяется особенностям исламских банков и инструментов финансирования и признакам, отличающим исламскую экономику от других экономических систем, то есть внимание уделяется беспроцентной экономической системе. Также рассматривается, что эта экономическая система в настоящее время носит название «справедливая», поскольку корни политической, экономической и социальной мысли в исламской экономике связаны с хадисами Корана. Суть исламской экономики основана на ценностях социальной справедливости и человеческих ценностях, поскольку она соответствует принципам шариата. Напротив, исламская система не допускает заимствования процентных ставок, азартных игр, мошенничества, принуждения, преднамеренного обесценивания запасов, повышения цен по ложным запросам и коррупцию. Статья основана на этих ценностях исламской экономики.

Ключевые слова: коммерческий банк, кредит, проценты, ростовщичество, финансовый кризис, исламская экономика, законы шариата, справедливость, социальная экономика.

### **Abstract**

Most economic relations in a market economy are closely related to loans, credit relations. Acting business entities have a shortage of own funds, which in turn leads to dependence on credit from a commercial bank. The article deals primarily with issues related to the modern credit system, its interest, especially the speculative content of credit and the ultimate economic interests of today's commercial banks, the particular interest for using a credit. Along with the usurious nature of the loan it is revealed that credit is a means of exploitation. A high interest rate of the loan and the consequences of its inefficient use, leading to a global financial crisis are common. Today's commercial banking and credit relations are compared with the features of Islamic finance instruments. The focus is on the peculiarities of Islamic banks and financing instruments and features that distinguish the Islamic economy from other economic systems, that is, attention is paid to an interest-free economic system. It is also considered that this economic system is currently called "fair" because the roots of political, economic and social thought in the Islamic economy are related to the Hadith of the Koran. The essence of the Islamic economy is based on the values of social, justice and human values, since it is consistent with the principles of Sharia. On the contrary, the Islamic system does not allow borrowing of interest rates, gambling, fraud, coercion, deliberate depreciation of stocks, raising prices for false requests and corruption. The article is based on these values of the Islamic economy.

Key words: commercial bank, loan, percent, usury, financial crisis, Islamic economy, sharia law, justice, social economy.